

**Қ. Н. Абуғалиев**, *ҒЗИ Ішкі істер органдарының қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу мәселелері бойынша орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі*  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

## **АЯУШЫЛЫҚ ТАНЫТЫП, НАУҚАСТЫҢ ӨМІРІН ҚИЮ — ЖЕКЕ АДАМҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ БІР ТҮРІ**

*Аннотация. Мақалада аяушылық танытып, науқастың өмірін қию мәселесі қарастырылған. Автор осыған қатысты мәселелерді саралай отырып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің I тарауын осыған қатысты нормамен толықтыруды ұсынады.*

*Түйін сөздер: эфтаназия, жауапты тұлға, актив эфтаназия, пассив эфтаназия, жан азабы, норма.*

Бүгінгі таңда жалпы әлемде медицина саласы қаншалықты дамыды десек те, соншалықты осы мәселенің төңірегінде проблемалар толастамауда. Соның бірі — айықпас науқасқа шалдығып, ем-дауадан күдер үзіп, өмірінің соңғы сәттерін арпалыспен, қиналумен, бір сөзбен айтқанда, жан азабын тартумен өткізетін жандар жайында болмақ. Әр елдің салты басқа демекші, әр мемлекеттің өзінің даму құрылымына, менталитетіне орай заңдарында да өзіндік ерекшеліктері болатыны қалыпты құбылыс. Осы тұрғыда жоғарыдағыдай сырқаты мендеп, әбден қиналып, өмірден күдерін үзген адамдарға аяушылық танытып, өлім сәтін жақындатуды қолдайтын да елдер бар. Мұны өздері аяушылық мақсатпен кісі өлтіру деп атайды, термин ретінде алсақ — эфтаназия.

«Эфтаназия» термині құрамдас, яғни грек тілінің екі сөзінен құралғандығы белгілі: сын есім «ev» — яғни «мейірімді, әдемі, айбынды, мәртебелі» және «thanatos» сөзі — «өлім» деген мағынаны білдіреді. Бұл терминді ғылыми айналымға XVI ғасырда ағылшын философы Ф. Бэкон өзінің «Ғылымның көбейтілуі және құндылығы туралы» шығармасында енгізген болатын [1].

Әлемде эфтаназия үшін жауапкершілікті қылмыстық-құқықтық реттеу тәжірибесі жеткілікті жинақталған. Қазіргі кезде заң жүзінде бәсең эфтаназияны қолдану әлемдегі бірнеше мемлекеттерде рұқсат етілген. Ерікті түрде өлім келтіруді заңдастырудың пионері Нидерланды мемлекеті еді. 1984 жылы елдің Жоғарғы Соты ерікті түрдегі эфтаназияны пайдалы деп таныды. Ал 2002 жылғы 1 сәуірден Нидерландыда эфтаназия заңдастырылды. Осы жылы эфтаназия Бельгияда да заңдастырылып, 2003 жылы өлім аузында жатқан 200 пациент, ал 2004 жылы 360 пациент өмірімен хош айтысты. 2014 жылы Бельгияда балалар эфтаназиясы заңдастырылды. Эфтаназия Американың Орегон (1994 ж.), Вашингтон (2008 ж.), Вермонт (2013 ж.), Джорджия (2012 ж.), Калифорния (2015 ж.) сияқты 5 штатында эфтаназияға заңды түрде рұқсат етілген [2].

Голландия мемлекеті де эфтаназияны қылмыссыздандырған мемлекеттердің бірі. 2000 жылы Голландия мемлекетінің парламенті екінші палатасымен үмітсіз, ауыр сырқаттағы науқастардың өтініші бойынша олардың өлуіне көмектескені үшін, дәрігерді қылмыстық жауаптылықтан босатуы туралы заңды бекіткені белгілі.

Эфтаназияға қатысты даулы мәселелер күні бүгін де толалар емес, яғни біреулері оны қолдап жатса, енді біреулер оған қарсы уәж айтуда. Бұл тақырып бірқатар ТМД мемлекеттерінің заңнамасында да қарастырылып, Қылмыстық кодекстерінде қарсы тарап ретінде бірқатар нормалардың енгізілгенін де байқауға болады. Мәселен, Грузия Қылмыстық кодексінің 110-бабында аурудан қатты азап шеккен науқастың өтініші бойынша, оны осы азаптан азат ету мақсатымен жасалған кісі өлтірудің жауапкершілігі қарастырылған. Молдавияның Қылмыстық кодексінің 144-бабында да дәл осындай әрекет қылмыстық жазалануға жатады. Сонымен қатар Литва Қылмыстық кодексінде (134-бап), Қырғыз

Республикасы Қылмыстық кодексінде (120-бап) жоғарыда аталған әрекетті қылмыс деп танып, соған сәйкес жауапкершілікті көздейтін нормаларды кездестіруге болады.

Эфтаназияның басы-қасындағы жауапты тұлға — дәрігер. Британдық философ Ф. Бэкон жоғарыда аталған еңбегінде, «дәрігердің міндеті емдеу ғана емес, сондай-ақ науқасты шыдай алмас тән азабынан арылту үшін оны өлтіру» дегенді айтады.

Эфтаназия мәселесіне ислам діні тұрғысынан келетін болсақ, «Алла берген өмірді тек Алла ғана алуы керек. Қандай жағдай болмасын адам адамның өмірін қиюға құқығы жоқ. Ол — ауыр күнәлардың бірі. Осыған орай «бір адамның өмірін қисаң — жалпы адамзаттың өмірін қиғанмен тең күнәдасың, бір адамның өмірін құтқарсаң — жалпы адамзаттың өмірін құтқарғанмен тең сауаптан боласың» деген хадис те бар.

Ал, заңдық-зайырлылық тұрғысынан келсек, ата заңымыздың әліппесінен-ақ әр азаматтың тең өмір сүруге құқықты екені баршаға белгілі. Өмір сүру құқығы — әрбір адамның басты құқығы, ешкім де науқасты бұл құқықтан мәжбүрлеп айыра алмайды. Сондықтан заңдық тұрғыда эфтаназия саналы түрде қазаға ұшырату деп танылады. Олай болса, қылмыстық заң бойынша эфтаназия адам өлтіру ретінде қарастырылады. Елімізде осы іс-әрекетті жүзеге асыруға заңмен тыйым салынғанын Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекстің 141-бабынан айқын аңғаруға болады [3].

Эфтаназияның қылмыстық-құқықтық белгілері жүйесін анықтауда, жәбірленушінің өтініші бойынша жасалған қылмыстың Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 99-бабында жауапкершілігі қарастырылған кісі өлтіруден ажыратылатындай белгілерге баса назар аудару қажет.

Ресейлік ғалым-криминолог С. В. Бородиннің пікіріне сүйенсек, эфтаназияны аяушылық танытып адам өлтірудің құрамдас бөлігі дей отырып, өлтірудің айрықша түрінің тізіміне енгізуге болады [4].

Сол сияқты қазақстандық зерттеуші Г. Р. Рустемова: «Эфтаназияға кез-келген қабілетті адамның құқығы бар, бірақ ол оның міндеті емес. Эфтаназия — бұл дәрігердің, туыстарының, қандай да бір үшінші тұлғаның, мекеме мен ұйымның құқығы емес», — деген пікірін білдіреді [5].

Осылайша эфтаназия ұғымында осындай қарама-қайшы сипаттар бар. Алға қойылған мәселені шешу үшін заң шығарушы органдар эфтаназиямен байланысты даулы мәселелерді заң мен ережелерге сай реттеуге міндетті. Биоэтика бойынша халықаралық конгрестер мен конференцияларда бұл тақырыптың өзекті болуы бекер емес.

Осы мәселенің төңірегінде келесі бір даулы мәселе — науқастың ахуалы. Осыған орай эфтаназияны зерттеушілер оны актив және пассив деген түрлерге бөледі. Пассив эфтаназияны медицина қызметкерінің немесе басқа тұлғаның әрекетсіздігі, науқасты қазаға ұшыратуы мүмкін ем қонбайтын аурудың болуы, емдеу тәсілі мен шараларының жалғасуы, арнайы медициналық аспапсыз қалыпты өмір сүрудің мүмкін болмауы, науқаста адам төзгісіз жан азабының болуы, міндетті түрде эфтаназия туралы науқастың ерікті өтінішінің болуы сияқты өлшемдер құрайды. Бұл жерде науқасты өлімге әкеп соқтыратын жағдайлар:

- кінәлі тұлға науқастың өтініші бойынша өмірін демеп тұрған аспапты өшіруі;
- науқастың өзі өмірін демеп тұрған дәрілік заттарды қабылдаудан бас тартуы.

Алғашқы жағдайда эфтаназияны қолдану жөніндегі түпкілікті шешімді қабылдау үшін, дәрігердің науқастың жазылуы үмітсіз екенін анықтауы қажет. Бірақ бұл жағдайларда дәрігерлер де қателесуі мүмкін. Ал егер медициналық тұрғыда науқас миының өлгені анықталса, оның қайта тірілуі мүмкін емес. Яғни медициналық аспаптың көмегімен ғана жүрегінің соғып жататыны белгілі жайт. Бұл жердегі сұрақ — сол науқастың жүрек соғысын ғана демеп тұрған аспапты өшіру керек пе, әлде жоқ па? Бұл жағдайда пассив эфтаназияны заңдастырған жөн деп ойлаймыз.

Мәселенің екінші жағы — жан азабын тартып жатқан науқастың жауапкершілікті мойнына алған туыстарының оған қамқорлық жасауды артық шығын көруі негізінде немесе қандай да бір мұрагерлікке қатысты бас пайдасына қарай материалдық мүуденің жетегінде

«аяушылық таныта отырып», науқастың өмірін қиюға себепші болуы. Бұл жерде жауапқа тартылатын негізгі тұлға — әрекетті жүзеге асырушы дәрігер болып табылады.

Құқық қорғау органдары қызметкерлері «Қазақстан Республикасы ҚК-ге «адам өлтірудің тағы бір құрамы ретінде аяушылық жағдайында кісі өлтіруді» енгізуді қолдайсыз ба?» деген тақырыпта сұрау жүргізуі негізінде көпшілік оны қолдайтындықтарын (сұралған респонденттердің 70 %) білдірді [6].

Осындай құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тарауына жаңадан бір норманы енгізгенді жөн деп санаймыз. Ол баптың тақырыбы «Аяушылық жағдайында кісі өлтіру (эвтаназия)» деп алынып, бірінші бөлігінде аяушылық жағдайында медицина қызметкерінің науқасты қазаға ұшыратуы, яғни одан әрі ем жүргізуді орынсыз деп танып, тән және жан азабын тоқтату мақсатында жазылмайтын науқасты, медициналық қызметкердің кәсіби міндеттерін орындауы немесе тиісінше орындамауы кезінде өлтіруі сияқты қылмыстық құқық бұзушылығына қатысты жауапкершілігі қарастырылады, сондай-ақ нақ осы әрекетті адамдар тобымен алдын ала келісе отырып жасауы да қамтылады.

Қорыта айтқанда, жоғарыда аталғандай қылмыстық құқық бұзушылық түрлерінің жауаптан сытылып, көлеңкеде қалып жатуына бірден-бір себеп — оларға сәйкес жауапкершілікті қарастыратын нормалардың Қылмыстық кодексте көрініс таппауынан деп тұжырым жасауға болады.

---

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Интернет ресурс [https:// ru.m.wikipedia.org/wiki](https://ru.m.wikipedia.org/wiki)
2. Сонда да.
3. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193-IV «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы Кодексі (141-бап). 10.07.2012ж. өзгерістермен және толықтырулармен — Астана, 2012. // [www.online/zakon.kz](http://www.online/zakon.kz)
4. Бородин С. В. Уголовно-правовые проблемы эвтаназии // Современная юстиция. — 1992. — № 9-10. — С. 34; Бородин С. В. Преступления против жизни. — М., 2000. — С. 52.
5. Рустемова Г. Р. Проблемы совершенствования борьбы с преступлениями в сфере МОН: Дис. ... д-ра юрид. наук. — Алматы, 2003. — С. 148.
6. Еспергенова Е. В. Проблемы совершенствования уголовного законодательства в вопросах ответственности за эвтаназию // Актуальные вопросы современной науки: Мат-лы междунаро. науч.-теор. конф. — Караганда, 2015. — С. 42-44.

### РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены проблемы квалификации убийства, совершенного по мотивам сострадания, обосновывается позиция о выделении его в число привилегированных составов убийства.

### RESUME

In article the problems of murder are considered on reasons of compassion, also analyses these problems and suggests to bring in a norm in the I head of UK RK that is examined by ответственность for the analogical type of crime.